



«БЕКІТЕМІН»:

Абай облысының білім
басқарма басшысы

Б. Ахметкалиев

«Қазақстан балалары шексіз әлемде!»
Балалар киносының республикалық фестивалінің облыстық
кезеңін өткізу ережелері

1. Жалпы ережелер

1. Осы ереже «Қазақстан балалары шексіз әлемде!» Балалар киносының республикалық фестивалінің (бұдан әрі – Фестиваль) мақсатын, міндеттерін, өткізу форматын, тәртібін және қаржыландыруын анықтайды.

2. Фестивальдің мақсаты: кинематография арқылы білім алушылардың бойына моральдық-адамгершілік, эстетикалық және әдеб құндылықтарды калыптастыру, балалар мен жасөспірімдердің рухани, зияткерлік және шығармашылық дамуына ықпал ету, дарынды балалар мен жастарды анықтау және қолдау, балаларды қосымша біліммен қамту.

3. Фестивальдің міндеттері:

1) балалардың интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту;

2) өскелең ұрпаққа қызықты болатын сұрақтар мен мәселелерді анықтау;

3) өнегелі, рухани және отбасылық құндылықтарды насихаттау;

4) неғұрлым талантты актерлерді, сценаристерді, режиссерлерді анықтау, олардың шығармашылық белсенділігі мен кәсіби бағдарлануын ынталандыру.

4. Абай облысы білім басқармасы» ММ «Дарындылық пен қосымша білім беруді дамытудың облыстық ғылыми-әдістемелік «Дарын» орталығы» КМҚК **кашықтық форматта** өткізеді.

5. Фестивальді ұйымдастырушылар ұйымдастыру комитеті мен қазылар алқасының құрамдарын қалыптастырады. Фестивальді өткізеді және қорытындысын шығарады.

2. Фестивальді өткізу уақыты мен орны

6. Аудан/қала қатысушыларның ілеспе хатын электронды **korkem.daryn@mail.ru** поштасына **2024 жылғы 11 наурызға дейін** қабылданады.

7. Хатқа қоса тіркеледі:

1) топ жетекшісінің Т. А. Ә, жұмыс орны, лауазымы, ұялы телефоны;

Қатысушылар мен топ жетекшісі туралы берілген мәліметтердің дұрыстығы мен нақтылығына жіберуші тарап жауапты.

2) www.youtube.com каналында MP 4 форматында орналастырылған бейнежазбаға сілтемелер. Бейне сапалы, тоқтаусыз бір роликпен жазылуы керек. Әр түрлі үзінділерден «кесінділерге» жол берілмейді.

8. Фестиваль қорытындысы, жеңімпаздардың дипломдары, қатысушылардың сертификаттары, жеңімпаздардың жетекшілеріне алғыс хаттар <https://abaidaryn.kz/ru/> сайтында **2024 жылғы 26 наурызда** орналастырылады.

3. Фестивальге қатысушылар

9. Фестивальге аудан/қалалық кезеңдерінің жеңімпаздары – жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының 11-17 жас аралығындағы білім алушылары қатысады.

4. Фестивальді өткізу тәртібі

10. Республикалық Фестиваль екі кезеңде өткізіледі:

1) бірінші кезең (іріктеу) – өңірлік:

мектепішілік фестиваль;

аудандық (қалалық) фестиваль;

облыстық, қалалық ;

2) екінші кезең (қорытынды) – Республикалық.

11. Фестивальдің өңірлік (іріктеу) кезеңін өткізу мерзімдері аудандық (қалалық) білім бөлімдерінің, облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары басшыларының бұйрығымен анықталады.

Фестиваль санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздік нормаларын, дезинфекция, кварцтау, желдету режимін сақтай отырып, адамдардың көп жиналуына жол бермей немесе қашықтан өткізіледі.

12. Фестивальге кез-келген жанрдағы және шығармашылық шешімдегі авторлық жұмыстар: дәстүрлі немесе сандық технологиялар көмегімен – бейнекамера, фотокамера және ұялы телефонмен монтаждалып түсірілген 3 минутқа дейінгі қысқа метражды фильмдер (бейнежинақ) қабылданады.

13. Фестиваль келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

1) **ойынды кино** – операторлық және режиссерлік, актерлік ойындар өнері көмегімен түсірілген сюжетті (ойдан шығарылған немесе нақты оқиға желісі бойынша) шығарма;

2) **STOP-MOTION-видео** – технологиясымен құрылған видео, сюжетті шығарма. Таңдап алынған видеодан немесе фотокамерадан түсірілген кадрларды тізбектей монтаждалатын ролик;

3) **үздік әлеуметтік жарнама** – қалың көрермен аудиториясының назарын қоғам мәселелеріне аудару үшін қысқа жарнамалық хабарлама;

4) **үздік бейнеклип, бейнеролик** – көркем авторлық тұжырымдаманы қамтитын және оны білдіру үшін бейне техникасы мен компьютерлік өңдеудің соңғы құралдарын қолданатын бейне;

5) **телевизиялық сюжет** – отбасы тарихы, туған өлке, мектеп және басқа да қызықты оқиғалар туралы қысқаша ақпаратты қамтитын кинохроника;

6) **балаларға арналған ең жақсы телебағдарлама** – балалардың өмірін бейнелейтін жеке эпизодтар, көріністері бар қысқа метражды фильм;

7) **үздік ғылыми-көркем фильм** – ғылыми-зерттеу, ғылыми-көпшілік, оқу киносы.

14. Байқау жұмыстары келесі бағалау өлшемдері бойынша бағаланады:

1) тақырыпты ашу тереңдігі, өзектілігі, эмоциялық әсері;

2) режиссерлік және операторлық өнері (түсірілімнің күрделілігі, техникалық сапасы, бейнесуреттің анықтығы және дыбыстың сапасы, монтаждау өнері);

3) музыкалық сүйемелдеу.

15. Байқау жұмыстарының мазмұнына қойылатын талаптар:

өмір, жұмыс, балалардың қызығушылықтары, олардың армандары;

салауатты өмір салтын насихаттау;

мейірімділік және қайырымдылық таныту;

әлеуметтік құзыреттілік, білім алушыларды өз халқының мәдени дәстүрлеріне, жалпыадамзаттық құндылықтарға баулу;

ұрпақтар диалогі;

қоршаған орта экологиясы және оны қорғау;

отансүйгіштік қасиеттерді таныту және өз тілін үйренуге

қызығушылық.

16. Байқау жұмыстарын ресімдеуге қойылатын техникалық талаптар.

Видеоның форматы: **mp4** (16:9 көлденең түсірілген видео). Жұмыста видеофильмдерден алынған видео, фото, интервью, блиц-сұрақтар, көркем суреттер, титрлар мен субтитрлар, фрагменттер, музыка, кадр сыртындағы дыбыстар, видеофильмдерден алынған фрагменттер қолданылады. Жұмыстың қысқаша сипаттамасында немесе титрде фильмде қолданылған материалдардың авторлары көрсетілуі тиіс.

17. Фестивальге бір автор бір фильмнен артық ұсына алмайды. Фестивальге ұсынылған фильмдер қайтарылмайды. Фестивальге ұсынылған фильмнің дыбысталуынан немесе бейнеленуінен ақауы бар материалдар байқауға қатыстырылмайды.

18. Фильм бөтен адамның авторлық құқығын бұзбауы керек. Фильмде нәсілдік, ұлтаралық, діни ымырасыздық элементтері, азаматтардың құқықтары мен қадір-қасиетін бұзуға және зорлық-зомбылыққа шақырулар болмауы, Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмеуі тиіс.

19. Фестивальді ұйымдастырушылар байқауға қатысқан жұмыстарды бұқаралық ақпарат құралдарында авторды көрсете отырып жариялауға құқылы.

5. Фестивальдің қорытындысын шығару және қатысушыларды марапаттау

21. Фестивальдің қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды. Жеңімпаздар I, II, III дәрежелі дипломдармен және сертификаттармен марапатталады. Фестивальдің қатысушыларына сертификаттар табысталады.

Анықтама телефоны: 8 701 338 40 55.

Ережеге қосымша

«Қазақстан балалары шексіз әлемде!» балалар киносының республикалық фестивалінің облыстық кезеңіне қатысуға өтінім

№	Жұмыс аталуы	Орындаушының Т.А.	Туған күні	Тұрғылықты мекенжайы, электронды пошта, телефон	Білім беру ұйымы, сынып	Жетекшінің телефоны, электронды поштасы
1	«Ойынды кино»					
2	«STOP-MOTION-видео»					
3	«Өткір әлеуметтік тақырыптық бағыттағы бейнеөнім»					
4	«Музыкалық клип»					
5	«Телевизиялық сюжет»					
6	«Киножурнал»					
7	«Ғылыми кино»					